

**Ресми рецензент Жанбубекова Мейрамгуль Зейнегабуловнаның  
8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы  
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Алпысбаева Нургуль  
Саркытбековнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді  
құралдарын пайдалануға даярлау» атты диссертациясы туралы жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін жаңғырту, цифрландыру және педагог кадрлардың сапасын арттыру бағытында жүргізіліп жатқан реформалар болашақ мұғалімдерді даярлау мазмұнына жаңа талаптар қойып отыр. Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; «Педагог мәртебесі туралы» Заңында, Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандартында, сондай-ақ Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында айқындалған басым бағыттармен толық сәйкес келеді. Аталған мемлекеттік құжаттарда білім беру үдерісін цифрландыру, оқытудың инновациялық әдістері мен құралдарын енгізу, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру міндеттері нақты көрсетілген. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың білім беру сапасын арттыру, педагогикалық білім беру бағдарламаларын заманауи талаптарға сай жетілдіру жөніндегі тұжырымдары да зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындай түседі. Осыған орай, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау мәселесі ғылымның даму бағыттарына, білім беру саласындағы мемлекеттік саясатқа және педагогикалық кадрларды даярлаудың стратегиялық міндеттеріне толық сәйкес келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама	Н.С. Алпысбаеваның диссертациялық жұмысы ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес орындалған. Зерттеу жұмысы 8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылған.

		аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <b>қосады</b> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <b>ашылған</b> /ашылмаған.	<p>Диссертанттың диссертациялық жұмысы ғылымға елеулі <b>үлесін қосады</b> және оның маңыздылығы <b>ашылған</b>.</p> <p>Диссертанттың зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми және тәжірибелік нәтижелері педагогика ғылымының, оның ішінде бастауыш білім беру педагогикасы мен оқыту әдістемесінің дамуына елеулі ықпал етеді. Атап айтқанда, бұл жетістіктер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісін жетілдіруге маңызды негіз болып, зерттеудің білім беру жүйесіндегі өзектілігі мен маңызын айқындай түседі.</p> <p>Бірінші, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуы, сондай-ақ зерттеу мәселесіне қатысты дереккөздерді зерделеу негізінде «оқытудың интербелсенді құралдары» ұғымының мән-мағынасының нақтылануы диссертациялық жұмыстың ғылыми құндылығын арттырып, педагогика ғылымына елеулі <b>үлесін қосады</b> және оның маңыздылығы <b>ашылған</b>.</p> <p>Екінші, білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың ерекшеліктерінің айқындалуы және оның ғылыми тұрғыда негізделуі зерттеу жұмысының теориялық маңызын арттырып, педагогика ғылымына елеулі үлесін <b>қосады</b> және оның маңыздылығы <b>ашылған</b>.</p> <p>Үшінші, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың педагогикалық шарттарының айқындалуы педагогика ғылымына елеулі үлесін <b>қосады</b> және оның маңыздылығы <b>ашылған</b>.</p>

			<p>Төртінші, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың \ құрылымдық-мазмұндық моделінің дайындалуы ғылымға елеулі үлесін <b>қосады</b> және оның маңыздылығы <b>ашылған</b>.</p> <p>Бесінші, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың әдістемесі, оқу-әдістемелік кешенінің тиімділігінің эксперимент жүзінде дәлелденуі және ғылыми-әдістемелік ұсыныстардың берілуі зерттеу жұмысының ғылыми-практикалық мәнін арттырып, ғылымға елеулі үлесін <b>қосады</b> және оның маңыздылығы <b>ашылған</b>.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>	<p>Диссертанттың ғылыми жұмысты өз бетінше орындау деңгейі <b>жоғары</b>, ғылыми баяндау стилін жетік меңгерген. Зерттеу жұмысының көкейкесті мәселелері өз шешімін тапқан. Диссертациялық жұмыстағы анықтамалар, ой-пікірлер, негізгі ұғымдарға және ғылыми әдебиеттерге жасалған талдаулар, сондай-ақ зерттеу нәтижелері автордың өзіндік тұжырымдарымен қорытындыланған.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>Н.С. Алпысбаеваның диссертациялық жұмысының өзектілігі <b>негізделген</b>. Диссертант бұл ретте қарама-қайшылықтарды айқындайды, <i>ең алдымен</i>, заманауи талаптарға сай оқытудың интербелсенді құралдарын тиімді пайдалануға жоғары кәсіби дайындығы бар бастауыш сынып мұғалімдеріне қоғамның әлеуметтік сұранысы мен жоғары оқу орнында болашақ мұғалімдерді осы тұрғыда даярлау деңгейінің жеткіліксіздігі; <i>екінші</i>, жоғары оқу орнында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерді оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау қажеттілігі мен даярлау әдістемесінің ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жеткілікті деңгейде әзірленбеуі арасындағы қарама-қайшылықтар диссертациялық зерттеудің өзектілігін күшейте түседі. Зерттеудің өзектілігінің негіздемесі қарама-қайшылықтарды шешуге қарай <b>негізделген</b>.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) айқындайды;</li> </ol>	<p>Докторанттың «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау» тақырыбындағы диссертациялық</p>

	<p>2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>жұмысы үш тараудан және әр тарауда үш бөлімнен тұрып, зерттеу мазмұнын жан-жақты әрі жүйелі түрде ашады.</p> <p>Диссертацияның бірінші тарауында «оқытудың интербелсенді құралдары» ұғымы теориялық тұрғыдан терең талданып, авторлық анықтама беріледі, сондай-ақ болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудағы отандық және шетелдік тәжірибелер сараланып, зерттеудің әдіснамалық тұғырлары негізделеді. Екінші тарауда цифрлық трансформация жағдайында интербелсенді құралдарды қолданудың ерекшеліктері қарастырылып, болашақ мұғалімдерді даярлаудың педагогикалық шарттары айқындалады, сонымен қатар олардың интербелсенді құралдарды пайдалануға даярлығын қалыптастыруға арналған құрылымдық-мазмұндық модель ұсынылады. Үшінші тарауда зерттеліп отырған мәселе бойынша болашақ мұғалімдердің даярлық деңгейіне диагностика жүргізіліп, оны қалыптастырудың әдістемесі әзірленеді және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері салыстырмалы түрде талданып, зерттеу тақырыбын диссертацияның мазмұны толық <b>айқындайды.</b></p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: <b>1) сәйкес келеді;</b> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық <b>сәйкес келеді.</b> Диссертант зерттеу мақсатын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау, әдістемесін әзірлеу, оның тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы дәлелдеу және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар ұсыну ретінде айқындаған. Осы мақсатқа жету үшін қойылған бес зерттеу міндеті жүйелі түрде шешіліп, ғылыми нәтижелерге қол жеткізілген, әрбір міндет зерттеу мақсатының логикалық жалғасы болып табылады.</p> <p>Бірінші міндетті жүзеге асыру барысында отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге кешенді контент-талдау жүргізіліп, «оқытудың интербелсенді құралдары» ұғымының мазмұны нақтыланды, бұл зерттеудің теориялық</p>

			<p>негізін айқындауға мүмкіндік берді. Екінші міндетке сәйкес, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін интербелсенді құралдарды пайдалануға кәсіби даярлаудың ерекшеліктері анықталып, тиісті ғылыми тұжырымдар жасалды. Үшінші міндет аясында аталған даярлықты қамтамасыз ететін педагогикалық шарттар негізделіп, диссертация тақырыбына толық <b>сәйкес келеді.</b></p> <p>Төртінші міндетке орай болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін интербелсенді құралдарды қолдануға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленіп, оның құрамдас бөліктері мен нәтижелері жүйеленіп, диссертация тақырыбына толық <b>сәйкес келеді.</b> Ал бесінші міндет бойынша ұсынылған әдістеме дайындалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тексерілді, нәтижесінде аталған әдістеменің болашақ мұғалімдердің даярлығын арттыруға оң ықпал ететіні дәлелденді. Бұл нәтижелер диссертацияның үшінші тарауында жан-жақты талданып, ғылыми негізде тұжырымдалып, диссертация тақырыбына толық <b>сәйкес келеді.</b></p> <p>Жалпы алғанда, зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес барлық кезеңдер өзара логикалық байланыста, бірізділікпен орындалып, бірін-бірі толықтырып, зерттеудің тұтастығын қамтамасыз етеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p><b>1) толық байланысқан;</b>  <b>2) жартылай байланысқан;</b>  <b>3) байланыс жоқ</b></p>		<p>Диссертациялық жұмыстың барлық тараулары мен тұжырымдары <b>толық өзара байланысты.</b> Жұмыстың ішкі тұтастығы айқын көрініс тауып, ғылыми талдаулар мен қорытындылар жүйелі түрде берілген. Алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігі автор жасаған қорытындылар арқылы дәлелденіп, зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p><b>1) сыни талдау бар;</b>  <b>2) талдау жартылай жүргізілген;</b>  <b>3) талдау өз пікірін емес,</b></p>		<p>Ізденуші зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттер мен нормативтік құжаттарға <b>сыни талдау бар.</b> Зерттеу нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері, ерекшеліктері, педагогикалық шарттары және құрылымдық-мазмұндық моделі мен әдістемесі негізделген. Тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының</p>

		басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	нәтижелері дәлелдемелік база негізінде сандық, сапалық және сыни талдау арқылы дәйектеліп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстыруда <b>сыни талдау бар.</b>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? <b>1) толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	<p>Докторант Н.С. Алпысбаеваның зерттеу жұмысында ұсынылған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар жаңашылдығымен ерекшеленеді және диссертациялық зерттеудің ғылыми құндылығын айқындайды.</p> <p>Бірінші қағидат болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындаумен сипатталады және өзінің мазмұны жағынан ғылыми нәтиже болады. Осыған сәйкес, бірінші ғылыми нәтиже <b>толығымен жаңа</b>, себебі диссертацияда аталған даярлықтың теориялық-әдіснамалық тұғырлары жүйелі түрде негізделген және негізгі ұғым-түсініктерге нақтылаулар жасалады.</p> <p>Екінші қағидат оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың ерекшеліктерін анықтаумен байланысты және бұл да зерттеудің ғылыми нәтижелерінің бірі болып табылады. Осы орайда екінші нәтиже ретінде аталған ерекшеліктер ғылыми тұрғыда дәлелденіп, жүйеленген, бұл оның <b>толығымен жаңа</b> болатынын көрсетеді.</p> <p>Үшінші қағидат болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін интербелсенді құралдарды пайдалануға даярлаудың педагогикалық шарттарын айқындаумен сипатталады. Бұл бағытта алынған үшінші ғылыми нәтиже де <b>толығымен жаңа</b> болып, даярлық үдерісін тиімді ұйымдастыруға қажетті педагогикалық шарттар ғылыми негізде анықталған.</p> <p>Төртінші қағидат зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін интербелсенді құралдарды пайдалануға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуымен сипатталады. Бұл ретте төртінші ғылыми нәтиже ретінде ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модель зерттеу нысанын жүйелі сипатта бейнелейтін жаңа ғылыми өнім болып табылады.</p> <p>Бесінші қағидат болашақ бастауыш</p>

			<p>сынып мұғалімдерін интербелсенді құралдарды пайдалануға даярлаудың әдістемесін әзірлеу, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жұмыстар арқылы тексеру және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берумен айқындалады. Бұл өз кезегінде бесінші нәтиженің <b>толықтай жаңа</b> екендігін дәлелдейді, өйткені ұсынылған әдістеме тәжірибе жүзінде тексеріліп, оның тиімділігі ғылыми тұрғыда негізделген.</p> <p>Осылайша, диссертациялық жұмыста ұсынылған барлық ғылыми қағидаттар мен нәтижелер толықтай жаңа сипатқа ие болып, зерттеу тақырыбының өзектілігін және ғылыми-практикалық маңыздылығын айқындайды.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?  <b>1) толығымен жаңа;</b>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Жүргізілген зерттеу негізінде жасалған диссертацияның қорытындылары <b>толығымен жаңа</b> болып табылады.</p> <p>Жүргізілген зерттеу негізінде тұжырымдалған диссертация қорытындылары ғылыми жаңалығымен сипатталады. Теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда «оқытудың интербелсенді құралдары» түсінігінің мазмұны мен құрылымы нақтыланып, соның нәтижесінде дәйекті ғылыми тұжырымдар қалыптастырылған. Диссертацияда автордың зерттеу пәніне қатысты жаңа ғылыми білімге қол жеткізгені көрініс тапқан. Атап айтқанда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың ерекшеліктері, педагогикалық шарттары, құрылымдық-мазмұндық моделі мен әдістемесі негізделген. Зерттеудің тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері ұсынылып, олар диссертацияда жасалған қорытындылардың жаңалығын, шынайылығын және тиімділігін дәлелдеуі <b>толығымен жаңа.</b></p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?  1) толығымен жаңа;  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Автор ұсынған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың ғылыми-тәжірибелік үдерісінің негізі <b>толығымен жаңа және негізделген.</b> Бұл зерттеу жұмысы барысында жасалған тұжырымдармен, ендіру актісімен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс <b>нәтижелерімен</b> және ғылыми жарияланымдармен расталады.</p>

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген</b> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Н.С.Алпысбаеваның зерттеу қорытындыларының негізділігі теориялық-әдіснамалық ұстанымдарға, философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді жан-жақты талдауға, диссертация мазмұнының зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігіне, теориялық және эмпирикалық әдістердің ұтымды үйлесіміне, эксперименттік зерттеу нәтижелерін сапалық және сандық талдаудың бірлікте қолданылуына, сондай-ақ диагностикалық әдістемелер, тәсілдер мен құралдардың кешенді пайдаланылуына <b>негізделген</b> .
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <b>дәлелденді;</b>  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді;  5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;  2) <b>жоқ;</b>  3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <b>ия;</b>  2) жоқ;  3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;  2) орташа;  3) <b>кең;</b>  4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <b>ия;</b>  2) жоқ;  3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p><b>Бірінші қағидат</b> бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалуы.</p> <p>7.1 Бұл қағидатта болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда негізгі түсініктердің нақтылануы және әдіснамалық тұғыр, ұстанымдардың негізделуімен <b>дәлелденді</b>.</p> <p>7.2 <b>жоқ;</b>  7.3 Нәтиже <b>жаңа</b> болып табылады;  7.4 Қолдану деңгейі <b>кең;</b>  7.5 <b>Ия</b>. Келесі мақалаларда дәлелденген.</p> <p>1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау мәселесі //«Қазіргі педагогикалық білім беруді дамытудың өзекті тенденциялары мен стратегиялары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қ. – 2024. - Б. 161-165.</p> <p>7.1 <b>Екінші қағидат</b> бойынша оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың ерекшеліктерінің анықталуы.</p> <p>Бұл қағидатта оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың ерекшеліктері цифрлық білімнің трансформациялануында <b>дәлелденді</b>.</p> <p>7.2 <b>жоқ;</b>  7.3 Нәтиже <b>жаңа</b> болып табылады;</p>

7.4 Қолдану деңгейі **кең**;

7.5 **Ия.** Келесі мақалаларда дәлелденген

1. Жоғары оқу орындарында оқытудың интербелсенді құралдарын пайдаланудың мүмкіндіктері // І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Хабаршысы, - 2022. - № 4 (105). – Б. 11-15.

2. Развитие у будущих учителей начального образования цифровых компетенций посредством интерактивных средств обучения //Известия. Серия: Пед. науки. – 2025. – Т. 78. – №. 3.

7.1 Үшінші қағидат бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың педагогикалық шарттары айқындалғанымен **дәлелденді.**

**7.2 жоқ;**

7.3 Нәтиже **жаңа** болып табылады;

7.4 Қолдану деңгейі **кең**;

7.5**Ия.** Келесі мақалаларда дәлелденген

1. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу дағдыларын дамытуда оқыту әдістерін қолданудың педагогикалық шарттары //Цифрлық қоғам жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту процесінде дағдыларды кіріктіру: мәселелер, шешімдер және келешегі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция: - Астана, «БиКА» баспасы, 2025. – Б. 425-429.

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың алғышарттары // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы, – 2024. – Т. 147. – №. 2. – Б. 200-218.

7.1 Төртінші қағидат бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі арқылы **дәлелденді.**

**7.2 жоқ;**

7.3 Нәтиже **жаңа** болып табылады;

7.4 Қолдану деңгейі **кең**;

7.5 **Ия.** Келесі мақалаларда дәлелденген.

1. Fostering Pre-Service Primary Teachers’ Capacity to Employ an Interactive Learning Tool: Qubahan Academic Journal. 5, 1 (Mar.

			<p>2025), 662–673. DOI: <a href="https://doi.org/10.48161/qaj.v5n1a1530">https://doi.org/10.48161/qaj.v5n1a1530</a>. <a href="https://journal.qubahan.com/index.php/qaj/article/view/1530">https://journal.qubahan.com/index.php/qaj/article/view/1530</a></p> <p>2. Методические особенности использования интерактивных средств в образовательном процессе //«Актуальные проблемы науки и образования» материалы Международного форума, посвященного 300-летию Российской академии наук. Том Часть 2. Екатеринбург, 2023. С. - 406-412.</p> <p><u>7.1 Бесінші қағидат бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың әдістемесінің әзірленуі және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмыстары арқылы тексеріліп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілуімен дәлелденді.</u></p> <p>7.2 <b>жоқ;</b></p> <p>7.3 Нәтиже <b>жаңа</b> болып табылады;</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі <b>кең;</b></p> <p>7.5 <b>Ия.</b> Келесі мақалаларда дәлелденген</p> <p>1. Интербелсенді платформалар және олардың оқытуды ұйымдастырудағы мүмкіндіктері //Инновациялық технологиялар, қашықтықтан оқыту мәселелері және қазіргі білім беруді дамытудың перспективалары III Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, Шымкент қ. 15-16 ақпан, - 2024. - Б. 89-93.</p>
8	Дәйектілік қағидаты Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p><b>1) ия;</b></p> <p>2) жоқ</p>	<p><b>Ия.</b> Ғылыми жұмыстың әдіснамасы негізделген, дәйектілік принципі толық сақталған. Ізденушінің диссертациялық жұмысындағы әдістеме дәйектілік ұстанымына және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтауда жүйелілік, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, құзыреттілік, ақпараттық және коммуникативтік тұғырлар негізге алынған.</p>
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері	<b>Ия.</b> Зерттеу жұмысында автор ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін, деректерді

		<p>компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p><b>1) ия;</b> 2) жоқ</p>	<p>өңдеу және интерпретациялау әдістерін қолданды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау деңгейлерін анықтау үшін студенттердің даярлығын диагностикалау әдістері Ф.М. Вейнен, Ж.Х. Валма ван дер Моленнің «Мұғалімдердің жаңа технологияларға көзқарасын анықтау» сауалнамасы; авторлық сауалнама; Т.Н. Францеваның «Кәсіби қызмет уәждерін анықтау сауалнамасы»; авторлық тест; Г.Ж. Ниязованың «Педагогтің цифрлық-әдістемелік құзыреттілігін диагностикалау» сауалнамасы; «Студенттердің сабақ жоспарына элементтерді енгізу деңгейін диагностикалау» авторлық сауалнама; Цифрлық платформаларда оқу тапсырмаларын әзірлеуге арналған диагностикалық тапсырмалар; А.С. Сатыбалдиева мен М. Жүністің «Цифрлық педагогикалық құзыреттілік сауалнамасының» бейімделген нұсқасы қолданылған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p><b>1) ия;</b> 2) жоқ</p>	<p>Барлық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар әдістемелік моделімен тәжірибелік-эксперимент арқылы дәлелденген және негізделген. Тәжірибелі-эксперимент жұмысы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің және І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқытын студенттерімен жүргізілді. Зерттеу жұмысының «К, Л» қосымшаларында ұсынылған ендіру актілерімен расталынған.</p> <p><b>Ия.</b> Тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелері оң динамиканы көрсетеді.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлауға қатысты психологиялық, педагогикалық, философиялық еңбектер, ҚР нормативтік-құқықтық құжаттары, отандық және алыс - жақын шетелдік ғалымдардың еңбектері, оқу-әдістемелік құралдар, әдістемелік нұсқаулықтар Scopus, Web of Science деректер қорына енетін журналдар, ҚР ҒжЖБ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен</p>

			басылымдарда жарияланған материалдарға сілтеме жасау арқылы <b>расталған</b> .
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті/жеткіліксіз</b>	Тақырыпқа сай пайдаланылған ғылыми әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b> . 217 библиографиялық сипаттамадан және ғылыми, оқу, мерзімді, заңнамалық және нормативтік-құқықтық, статистикалық, электронды және басқа да дереккөздердің жеткілікті тізімін ұсынады. Жұмыста отандық және шетелдік авторлардың еңбектерінің және пайдаланылған дереккөздердің тізімі берілген.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: <b>1) ия;</b> 2) жоқ	<b>Ия.</b> Диссертацияның теориялық маңызы бар: - «Оқытудың интербелсенді құралдары» ұғымының мән-мағынасы нақтыланып, авторлық анықтама ұсынылған; - Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың ерекшеліктері ғылыми тұрғыда негізделген; - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың педагогикалық шарттары айқындалған; - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген; - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың әдістемесі әзірленіп, оның тиімділігі эксперимент арқылы тексерілген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <b>1) ия;</b> 2) жоқ	<b>Ия,</b> диссертацияның практикалық маңыздылығы жоғары. Диссертациялық жұмыста ұсынылған «Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану» таңдау курсының бағдарламасы практикалық тәжірибеде сәтті енгізілген, бұл оның қолдану мүмкіндіктерін нақты көрсетеді. Сонымен қатар, әзірленген оқу-әдістемелік кешен тәжірибеден өтіп, тиімділігі дәлелденген, бұл жоғары және орта кәсіптік оқу орындарында болашақ педагогтарды даярлауда және қазіргі бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру, қайта даярлау жүйесінде қолдануға мүмкіндік береді. Жалпы, зерттеу нәтижелері практикалық мәні бар, білім беру үдерісінде тікелей қолдануға болады.
		9.3 Практикалық	Диссертацияда келтірілген практикалық

		<p>ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b>  <b>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b>  <b>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</b></p>	<p>ұсыныстар <b>толығымен жаңа</b> болып табылады. Зерттеу нәтижелерін жоғары және арнайы орта оқу орындарында, педагогтердің кәсіби даму ұлттық орталықтарында пайдалануға болады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p><b>1) жоғары;</b>  <b>2) орташа;</b>  <b>3) орташадан төмен;</b>  <b>4) төмен.</b></p>	<p>Диссертациялық жұмыстың академиялық жазылу сапасы <b>жоғары</b> деңгейде орындалған. Зерттеуде ғылыми баяндау стилі толық сақталып, материалдар жүйелі, нақты және сауатты ұсынылған. Диссертация ғылыми қызығушылық тудыратын, нақты материалдарға негізделген мазмұнды еңбек болып табылады. Жұмыс мазмұнында негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті дәрежеде көрініс тапқан. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми еңбектерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді.</p>
11	Диссертацияға ескертулер	<p>Докторант Алпысбаева Нургуль Саркытбековнаның диссертациялық жұмысы ғылыми тұрғыдан сауатты дайындалған еңбек болып табылады. Дегенмен, жұмыстың мазмұнына қатысты мынадай ескертулер мен ұсыныстар беріледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- диссертацияның теориялық талдауларында көптеген ғалымдардың еңбектерін, пайымдауларын талдап өткен, алайда кейбір ғалымдардың пайымдауынан соң докторант өзіндік тұжырымын қысқаша берген, осы ретте автор өзіндік тұжырымын тереңірек талдағанда, әлі де зерттеудің маңызы артар еді;</li> <li>- зерттеудің эксперименттік бөлімінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың әдістемесінде дайындалған элективті курс, «Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану» атты ЭЕМ-ге арналған бағдарлама және «Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану» бойынша әдістемелік нұсқаулық дайындалған, алайда 3.2 тараушада элективті курстың мазмұны өте жақсы талданған, алайда басқа да дайындалған, яғни ЭЕМ-ге арналған бағдарлама және «Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану» бойынша әдістемелік нұсқаулықтың да мазмұнын кеңінен аша түскенде диссертацияның практикалық маңызы жоғары болар еді;</li> <li>- орындалған диссертациялық зерттеу нәтижелерін алдағы уақытта жалғастырып, кеңейте отырып, монография түрінде жариялау орынды деп есептеймін.</li> </ul> <p>Аталған ескертулер мен ұсыныстар диссертациялық зерттеудің ғылыми деңгейі мен практикалық маңызын төмендетпейді. Керісінше, жұмыстың мазмұнын тереңдетіп, сапасын арттыруға ықпал етеді.</p>	
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы	<p>Докторант диссертациялық зерттеу аясында SCOPUS халықаралық базасына енген ғылыми журналдарда – 1 мақала; Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда</p>	

	бойынша ғылыми деңгейі	– 4 мақала; Халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында – 10 мақала; 1 оқу құралы; 1 ЭЕМ-ге арналған бағдарлама барлығы 17 ғылыми еңбек жариялаған. Бұл жарияланымдар диссертациялық зерттеу тақырыбы мен мазмұнына толық сәйкес келеді. Жарияланымдардың сапасы мен саны PhD дәрежесін қорғау үшін белгіленген талаптарға толық сәйкес келеді.
13	Қорытынды	8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Нургуль Саркытбековна Алпысбаеваның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау» атты диссертациялық жұмысы дербес ғылыми зерттеу болып табылады және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Дәрежелерді беру қағидаларының» қойылатын талаптарына сәйкес келеді. Жоғарыда келтірілген мәліметтерге және диссертациялық жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығына сүйене отырып, мен, ресми рецензент, диссертациялық жұмысты қорғауға және философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсынуға болады деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Шәкәрім университеті,  
п.ғ.д., профессор м.а.



М.З. Жанбубекова

\_\_\_\_\_ қолын растаймын

«2» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.